

«Қызылорда облысының білім басқармасының Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің
№28 «Ақбота» бөбекжай-баলাбақнасы» КМҚК

ІШКІ ЕҢБЕК ТӘРТІБІНІҢ Е Р Е Ж Е С І

Әйтеке би кенті, 2026 жыл

«КЕЛІСЕМІН»

Кәсіподақ төрайымы:

_____ А.Б.Сабитова



«БІЛГІСЕМІН»

Бөбекжай-балабақша меңгерушісі:

_____ Г.Ш.Ережепова

«Қызылорда облысының білім басқармасының Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің №28 «Ақбота» бөбекжай-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорының қызметкерлерінің

ІШКІ ЕҢБЕК ТӘРТІБІНІҢ ЕРЕЖЕСІ

Осы ереже ҚР Еңбек кодексіне және бөбекжай-балабақшасының Жарғысына сай жасалған. Жалпы қызметкерлердің ішкі еңбек тәртібін анықтайды.

Ішкі еңбек тәртібінің ережесі барлық балабақша қызметкерлеріне таныстырылады.

Қызметкерлердің міндеттері лауазымдық нұсқаулық және еңбек шартымен анықталады.

Еңбек тәртібін бұзушыларға тәртіптік жазалар мен қоғамдық шаралар қолданылады.

1. Бөбекжай-балабақша қызметкерлерінің міндеттері:

№28 «Ақбота» бөбекжай-балабақшасы КМҚК 2 жастан 5 жасқа дейінгі балалармен жұмыс жасайды. Балабақшада 140 тәрбиеленуші бала бар.

Ұжымда жалпы қызметкерлер саны – 52. Оның ішінде -25 педагог. Техникалық қызметкер - 27

Күн тәртібі: Балалардың балабақшада болуы уақыты - 9 сағат. 08.30 - 17.30 –ға дейінгі аралықта. Бес күндік дүйсенбі-жұма аралығы. Демалыс күндері: сенбі, жексенбі.

- Балабақшаның Жарғысында, ішкі тәртібінің ережесінде және лауазымдық нұсқаулықтарында көрсетілген міндеттерді қағат түрде орындау;
- Құжаттармен материалдық құндылықтардың дұрыс сақталып күтілуіне мән беру;
- Еңбек тәртібін сақтау: жұмысқа уақытында келу, белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығын сақтау, әкімшіліктің бұйрықтарын уақытылы орындау;
- Еңбекті қорғау ережесі мен қауіпсіздік техникасының талаптарын, өндірістік санитарлық, өртке қарсы ережені және алдын ала ескертілген ережелер мен нұсқаулықтарды сақтау;
- Тәрбиешілер топта күнделікті денсаулық журналын, баланың қатысу табелін, кварц, төсек жабдықтар дәптерін толтырады, сондай-ақ аптасына бір рет оқу қызметінің циклограммасын және әс мәзірін бекіту;
- Ата-ана мен жұмысты жан-жақты дұрыс жүргізу;
- Балабақшада кезекшілік атқаруға; (барлық қызметкерлер)
- Балабақша басшысының бұйрығымен нұсқауларын орындауға;
- Өз бетімен білімін жетілдіруге;
- Аудан, облыс, республика көлемінде атқарылатын қоғамдық жұмыстар мен іс-шараларға қатысуға;
- Балабақшадан тыс жерде балабақшаның ішкі жағдайы туралы мәліметтерді жарияламауға;

- Балабақша ұжымының моральдық-психологиялық климатын дұрыс сақтауға;
- Қызметкерлердің тәртібі мен әдебі /этикасын/ сақтауға;
- ҚР «Еңбек Кодексі» қатаң түрде сақтауға;
- Мемлекеттік тілде сөйлеуге, іс-құжаттарды жүргізуге;
- Жұмыс орнын таза және ұқыпты ұстауға, белгіленген материалдық құндылықтар мен құжаттарды реттеп сақтау;
- Тәрбиеленушілерге балабақша мүлкіне ұқыпты қарауды үйрету, жылу, электр энергияны, материалдарды үнемді қолдану;
- Медициналық тексерістер туралы нұсқауларында белгіленген тиісті мерзімге дейін медициналық тексерістен, қажетті егуден өту;
- Тәрбиешілер оқу қызметтерін жүргізу барысында және серуенге шыққан уақытында тәрбиеленушілердің өмірі мен қауіпсіздігіне толық жауап береді. Тәрбиеленушілердің жарақаттанған кезінде басшыға, медбикеге дер кезінде хабарлау;
- Педагогтер тәрбиеленушілерді сабақтар аяқталғаннан кейін келесі жағдайларда тәрбиешінің көмекшісімен қалдыруға болады:
 - * жиналыстар өткізілгенде;
 - * қоғамдық және өткізілетін іс-шаралар және дайындалғанда;
- Педагогикалық кадрлардың аттестаттау туралы ережесіне сай педагогтер бес жылда 1 рет аттестаттаудан өтеді.
- Балабақшаның барлық техникалық қызметкерлері балабақша ғимаратының (ішкі және сыртқы) тазалық жұмыстарына және көркейту, көгалдандыру жұмыстарына қатысуға;

2. Педагогтер мен қызметкерлердің жұмыс уақыты және оны қолданылуы:

Балабақшада жұмыс апталығы 5 күндік болып белгіленген, жалпы жұмыс уақытының ұзақтығы 40 сағаттан аспайды.

Жалпы қызметкерлер үшін жұмыстың басталуы сағат 08.30- 17.30.аралығы

Тәрбиешінің жұмыс уақытының басталуы сағат 08.30 - 17.30.Ауысым бойынша жұмыс жасайды.

Тәрбиеші көмекшілері жұмыстың басталу уақыты сағат 08.30 - 17.30 аралығы

Түскі үзіліс 13.00-14.00

Асхана қызметкерлері жұмыстың басталу уақыты сағат 08.30 - 17.30.аралығы

Балабақшада бір қалыпты ереже белгіленген. Осы ереже бекітілгеннен кейін барлық қызметкерлер тәртіпті орындауға міндетті. Барлық қызметкерлер және жаңадан қабылданған қызметкерлер міндетті түрде қол қойып таныстырылады. Осы Ереже балабақшаның ішкі құжаты болып есептелінеді және іс жүргізу бөлімінде сақталады.

Тәрбиешілерге және басқа қызметкерлерге тыйым салынады:

- *өзінің көзқарасына қарай сабақ кестесін өзгертуге;
- *тәрбиеленушілерді бөлмеде жалғыз қалдыруға.

Педагогтердің жұмыстан тыс уақытта міндетті түрде қатысатын жиналыстарына мыналар жатады:

- *Педагогикалық кеңес
- *Меңгеруші жанындағы отырыс
- *Әдістемелік кеңес.